



ПРЕЗИДЕНТ АРНАЙЫ КЕҢЕС ӨТКІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Олжас Бектеновтің, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің және басқа да лауазымды тұлғалардың қатысуымен жиын өткізді.

Онда әлемдік нарықтағы тарифтік қақтығыстардың салдарынан энергетика ресурстары және негізгі тауарлар бағасының құлдырауына байланысты ел экономикасында қалыптасқан ахуал қаралды.

Мемлекет басшысы Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың іс-қимыл жоспарын қысқа мерзімде аяқтауды тапсырды. Бұл жұмыс қаржы-экономикалық дағдарыс кезінде өсімді және тартылатын инвестиция көлемін төмендетпеуді көздейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі аса қолайсыз жағдайға қарамастан, еліміздің экономикалық дамуы бойынша өзі жариялаған басымдықтар, соның ішінде ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллектті дамыту, ауыл шаруашылығы мен көлік-логистика саласын жаңғырту бастамалары толық жүзеге асырылатынын айтты.

Президент келесі аптада осы мәселеге орай арнайы кеңес өткізуді жоспарлап отыр.

ЖОЛҒА ТҮСКЕН ЖҮК АУЫР

Келесі жылы «самосвалдардың» ортақ автомобиль жолдарына шығуына, сондай-ақ кез келген көшелермен қозғалуына қатаң тыйым күшіне енеді. Енді бұл көлік түрлерімен әкелінген жүкті қабылдаған бизнес нысандарына айыппұл салынбақ. Мұның сыртында, шектен тыс жүк артқан көлік иелері жазалануы мүмкін. Оны болдырмас үшін барлық жүк көлігі, фуралар кез келген жүкті тиесілі бұрын жүк иесінен онысын өлшегені туралы сертификат алуы қажет. Қазақстан мұндай тосын қадамға неге барып отыр?

ЖЕР АСТЫН ҚАЗУШЫЛАРДЫҢ ЖЕРҮСТІ ПРОБЛЕМАСЫ

«Алдағы 2026 жылы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында және барлық елді мекеннің көшелерінде рұқсат етілген салмақтан асатын самосвалдардың қозғалуына түбегейлі тыйым қолданысқа енгізіледі. Бұл тыйым бұрындары қабылданған «Кейбір заңнамалық актілерге көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында қарастырылған», — деп хабарлады Көлік министрлігі.

Сөз болып отырған заң 2022 жылғы 29 желтоқсанда қабылданып, өмірге жолдама алған болатын. Онда самосвалға «Жүктерді өзі аударғыш» деген айқындама беріледі.

«38-2-бап. Рұқсат етілген ең жоғары массасы Қазақстан заңнамасында белгіленген автокөлік құралының жол берілетін жалпы массасынан асатын жүктерді өзі аударғыш автомобильмен Қазақстанның жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарымен және елді мекендерінің көшелерімен тасымалдауға жол берілмейді», — деп жазылған



сол заңда. Сонымен бірге онда аталған тыйымның «қолданысы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын» деп жазылған. Осы өтпелі кезең түгесілуге таяды.

(Жалғасы 4-бетте)

ФРИСТАЙЛ ФАВОРИТТЕРІ



Еліміздің қысқы спорт түрлеріне бейім екені барлығына мәлім. Солардың ішінде осы маусымда фристайл акробатикадан асығымыз алшысынан түсіп, жақсы нәтижелер тіркелді. Спортшыларымыз халықаралық жарыстарда мықтылармен иық тірестіріп, өздерін дәлелдеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін шолу жасап көрейік.

→ 8

Меруерт ӨТЕКЕШОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

ҚҰМАН ЕКЕУМІЗДІҢ АРМАНЫМЫЗ КӨП ЕДІ

Жылдар өтсе де, мөлдір махаббат символына айналған «Қыз Жібек» фильмінің көрермендері азайған жоқ. Себебі тарихи картинаның бас кейіпкерлерінің өмірі халықтың алдында өтті. Кинодағы Төлеген мен Жібек өмірде де қол ұстасып, шаңырақ көтерді. Биыл Құман Тастанбековтің туғанына – 80 жыл. Осыған орай Аіоуын-ның «Аға буын & Z ұрпақ» жобасына Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Меруерт Өтекешова қонаққа келді. Жас буын актрисаның өмір жолы, шығармашылығы мен толғанысы, Құман Тастанбековтің естеліктері жайлы сұрақтарына жауап алды.

→ 5



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері Вера Сидорованың қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтты.

— Вера Васильевна ғибратты ғұмырында қатардағы агрономнан бастап Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы төрағасының міндетін атқарушыға дейінгі еңбек жолынан өтті. Ол қазақ даласындағы тың игеруге, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты. Вера Васильевнаны адамгершілік және өмірлік ұстанымына берік қасиеттері ерекшелеп тұратын. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде студенттерге көмек көрсетуі оның шын мәнінде патриот әрі әділдік үшін күресте тайсалмайтын тұлға екенін дәлелдейді, — деп жазылған жеделхатта.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев танымал журналист, қоғам қайраткері, «Время» газетінің бас редакторы Лев Тараковтың дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

— Шығармашылық династияның талантты өкілі Лев Юрьевич отандық журналистиканың дамуына, жас мамандарды тәрбиелеуге үлкен үлес қосты. Ол әріптестері арасында зор абырой мен құрметке бөленіп, кәсібилік пен өз ісіне адалдықтың үлгісін танытты, — делінген жеделхатта.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАТЕПТІ ҚАРА НАРЫ

(Жұмабек Тәшенев туралы толғаныс)

Қазақта нар деген ұғым бар. Сөздің түптұлғасы түйе түлігіне барып тіреледі. Махамбет жыраудың «Қатепті қара нар керек біздің бұл іске...» дегені жә-миғатқа мәлім. Біз сөздің тұлғасын алғанымызбен ауыспалы, баламалы мағынасына ден қойып отырмыз. Нар, қара нар, қатепті қара нар...

Сүйгенін «шұнағым...» дейтін қазақ қимас перзентін, ел үшін ұрысқан, ел тағдыры үшін тұрысқан дара дарақтарды, халқым деген қарақтарды солай баламалап атап, бауырына тартып, сүйсініп, іштей сүйіп отырады емес пе?! Тағдыры әңгіме арқауына айналып отырған Жұмабек Тәшенев қазақтың осы ұғымына лайықты, нар перзенттің бірі!



→ 6

10 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ



ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Израиль мемлекеті Кнессетінің Спикері Амир Оханамен кездесті. Сұхбат кезінде тараптар екі елдің парламентаралық ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Кнессет Спикеріне ілтипат білдіріп, қазір Қазақстан мен Израиль арасындағы қарым-қатынас көптеген салада қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ол жоғары деңгейде сындарлы саяси диалог жолға қойылғанын айтып, Израиль президентінің Астанаға жасайтын алдағы ресми сапары екі елдің байланысын әрі қарай дамытуға серпін беретініне сенім білдірді.

Кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың іске асырылу барысына да баса мән берілді. Израиль Кнессетінің Спикері Амир Охана аталған реформалардың нәтижелерін жоғары бағалап, барлық бағыт бойынша байланысты кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі жандандырудың маңызына назар аударып, алдағы уақытта заң шығару саласындағы өзара іс-қимылды дамыту мәселелеріне тоқталды.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде ұлттық экономиканы әртарапандыруға және инвестициялық


ахуалды жақсартуға арналған ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Осы орайда біз Израиль Кнессетімен инновациялық даму, су ресурстарын басқару, ауыл шаруашылығы және тағы басқа салаларда заң шығару бағыттары бойынша тәжірибе алмасуға мүдделіміз. Мұндай нақты кадам Сенат пен Кнессеттің салалық комитеттері мен достық топтары арасында тұрақты байланыс орнатуға жол ашатыны анық. Сондықтан алдағы уақытта екі ел депутаттары арасындағы диалогті жүйелі түрде жалғастырамыз деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында сұхбаттасушылар бірлескен жобаларды да талқылады. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығын және агроөнеркәсіптік секторды дамыту, заманауи жылыжай кешендерін және тамшылатып суару жүйелерін өндіретін зауыт салу, сондай-ақ су инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы жобаларды іске асыруда өзара жәрдемдесу мәселелері сөз болды.

Бұдан басқа, тараптар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған VIII съезіне тоқталып, аталған форумның күн тәртібіндегі басым бағыттардың өзектілігін талқылады.

ИЗРАИЛЬ КНЕССЕТІНІҢ СПИКЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Астанаға ресми сапармен келген Израиль Кнессетінің спикері Амир Оханамен кездесті. Тараптар парламентаралық ынтымақтастықтың келешегін талқылады.



Палата Төрағасы Израиль Қазақстанның Таяу Шығыстағы негізгі серіктесінің бірі екеніне назар аударып, Қазақстан Израильмен жан-жақты ынтымақтастықты күшейтуге мүдделі екенін атап өтті.

— 30 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан мен Израиль арасында жоғары сенімге негізделген саяси диалог орнатылды. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Израиль президенті Исаак Герцогтың жуырдағы телефон арқылы сөйлесуін ерекше атап өткен жөн. Әңгімелесу барысында Израиль президентінің биыл Астанаға ресми сапарын өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл Қазақстан — Израиль ынтымақтастығын дамытудағы маңызды кезеңге айналатыны және елдерімізді жақындастыруға елеулі үлес қосатыны сөзсіз, — деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Спикері мәртебелі мейманға Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси-экономикалық реформалардың нәтижелері туралы айтып берді.

Сонымен бірге тараптар екіжақты әріптестікті дамытуда заң шығарушы органдардың рөліне тоқталып, парламентаралық байланысты тереңдетуге уағдаласты.


— Біз Израильмен парламентаралық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделіміз. Болашақта достық топтар мен бейінді комитеттер деңгейіндегі ықпалдасуымызды одан әрі нығайтуға шақырамын, — деді палата Төрағасы.

Кездесу барысында сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, IT, жасанды интеллект, денсаулық сақтау, су ресурстарын басқару мен мәдени-гуманитарлық салалардағы серіктестік мәселелері де қозғалды.

Өз кезегінде Амир Охана мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық қарқынды дами беретініне сенім білдіріп, Қазақстанмен жаңа технология, инновация саласында тәжірибе алмасуға дайын екенін айтты.

— Болашақ технология, инновация мен білімде екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Осы орайда екі елдің игілігі үшін бар күш-жігерімізді біріктіруге болады деп санаймыз. Сіздермен жиған білімімізбен, идеяларымызбен және технологияларымызбен бөлісуге дайынбыз, — деді Амир Охана.

Кездесу соңында тараптар мұндай сапарлар елдерімізге екіжақты ынтымақтастықты, халықтарымыз арасындағы достық пен парламентаралық байланысты нығайтуға мол мүмкіндік беретінін атап өтті.



ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН СЫНДАРЛЫ ДИАЛОГ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Сьерра-Леоне Республикасының Сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрі Тимоти Муса Каббамен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Сьерра-Леоне арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері ортақ құндылықтар мен мүддеге негізделген өзара сындарлы диалог қалыптасқанын атап өтті. Сұхбат кезінде парламентаралық ынтымақтастық, оның ішінде достық топтарының өзара іс-қимылы екіжақты байланысты одан әрі нығайтудың маңызды тетігі екені айтылды.

«Парламентаралық диалог елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Африка елдерімен, оның ішінде Сьерра-Леонемен ынтымақтастықты нығайту мақсатымен Сенатта достық тобын құрдық. Екіжақты өзара іс-қимылды арттыру жолында достық топтарының әлеуетін тиімді пайдалануға зор мүмкіндік бар. Біз алдағы уақытта елдеріміздің парламенттері арасындағы ынтымақтастықты жүйелі жолға қойып, дамытуға дайынбыз», — деп палата Спикері Сьерра-Леоне еліне БҰҰ Бас Ассамблеясының «Орталық Азия мен Ауғанстан

үшін Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі БҰҰ өңірлік орталығы» туралы қарарын бірлесіп жазғаны үшін ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар тараптар Қазақстан мен Сьерра-Леоне арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарына назар аударып, сауда-экономикалық байланыстардың әлеуетін толық пайдалану мәселесін талқылады. Осы орайда Орта дәліз ретінде белгілі Транскаспий халықаралық көлік маршрутының мүмкіндіктері туралы сөз болды.

Сұхбат кезінде тау-кен өндірісі, пайдалы қазбаларды өндіру, білім беру, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар және цифрландыру салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыру мәселелеріне де мән берілді.

Одан бөлек, 17-18 қыркүйекте Астанада өтетін «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі және рухани дипломатия мәселелері әңгімеге арқау болды.

40 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Үкімет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін резервтен 40 млрд теңге бөлді. Тиісті қаулыға Премьер-Министр Олжас Бектенов қол қойды.

Көктемгі егіс жұмысының сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету, биылғы өнімді қабылдау үшін астық қоймаларын босату, еліміздің астық экспортының бәсекеге қабілетін арттыру, сондай-ақ жаңа өткізу нарығын игеру сияқты кешенді міндеттерді шешуге осы қаражатты бағыттау жоспарланып отыр.

2024 жылы елімізде дәнді дақылдар бойынша 25,2 млн тонна көлемінде рекордтық өнім жиналды. Агротехнологияны дұрыс қолдану және қолайлы ауа райының нәтижесінде жоғары өнімділікке қол жеткізілді. Ал ішкі нарық сұранысы — шамамен 10 млн тонна.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің дәнді дақылдар бойынша экспорттық

әлеуеті 12 млн тонна құрайтынын атап өтті. Бұл орайда Үкіметтің басты міндеті — шаруаларға өз өнімін шетелдік нарыққа шығаруға жан-жақты қолдау көрсету.

Сонғы деректер бойынша 2024 жылдың қыркүйегінен сәуір айына дейін астық экспорты 6,9 млн тоннаны құрады, ол 2023-2024 жылдардың ұқсас кезеңінен 54%-ға артық. Бүгінде Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Ауғанстан экспорттың дәстүрлі бағыттары саналады. Иран мен Әзербайжанға жеткізу көлемі ұлғайды. Транзиттік жолдар Ресей, Латвия, Литва, Эстония, Әзербайжан, Грузия, Түрікменстан және Қытай аумақтары арқылы өтеді.



10 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕҢБІ

Қазақта нар деген ұғым бар. Сөздің түптұлғасы түйе түлігіне барып тіреледі. Махамбет жыраудың «Қатепті қара нар керек біздің бұл іске...» дегені жәмиғатқа мәлім. Біз сөздің тұлғасын алғанымызбен ауыспалы, баламалы мағынасына ден қойып отырмыз. Нар, қара нар, қатепті қара нар... Сүйгенін «шұнағым...» дейтін қазақ қимас перзентін, ел үшін ұрысқан, ел тағдыры үшін тұрысқан дара дарақтарды, халқым деген қарақтарды солай баламалап атап, бауырына тартып, сүйсініп, іштей сүйіп отырады емес пе?! Тағдыры әңгіме арқауына айналып отырған Жұмабек Тәшенев қазақтың осы ұғымына лайықты, нар перзенттің бірі!



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАТЕПТІ ҚАРА НАРЫ

(Жұмабек Тәшенев туралы толғаным)

Баламалы сөзді қолдануын қолданып алып, оның күні ертең бояуы онып кетерін де анық байқап отырмын. Ол бояуды, ол баламалы сөздің орнын «Жұмабек Тәшенев» деген ұғым басып кете баратын болады әлі-ақ. «Жұмабек Тәшенев» десек нар тұлға, асқар биік, асқар шың, қыран жүрек ұғымдары өзінен-өзі көңіліңе уялай кететін болады. Жұмабек Тәшенев — қайраткерліктің өлшемін айналады. Онымен қанаттас жүрген, қатар қызмет істеген азаматтарды «неге ғана Тәшенев бола алмады?», «Неге ғана Тәшеневке ең болмаса сүйеніш бола алмады екен?» — деп көңілімізді өкінішке алдырып жатармыз-ау сонда. Біз біртіндеп сол ұғымға келе жатырмыз. Бізді ондай түсінік, ондай ұғымға еріксіз жетелеп алып келе жатқан Жұмабек Тәшеневтің туған халқы тағдыры қысылған екіталай халге ұшыраған кезінде басын бәйгеге тігіп қасқайып қарсы тұра алғаны. Туған халқы үшін отқа түсіп араша сөзін айта алғаны. Бұлар — Жүмекектің кеңестік қызметке құл болмай, халық алдында қалаулы перзент — ана сүтін адал емген арда ұл болғанын көрсетеді. Жүмекектің туған халқының — қазақ ұлтының алдында перзенттік парызын ақ-адал атқаруы — рухани маңызы зор саяси ерлік! Жүмекектің ерлігін айта бастасак әлгінде ғана қолданған қазақ халқының нар перзентінің бірі деген бағамыз да әлсіз, нәрсіз тартып кетеді. Өйткені қайраткерлік өлшемге айналар Жұмабек Тәшенев — қазақ халқының қайталанбас қайраткерінің — бірегейі!

Қайраткерлік ұғымына анықтама беріңкіреп сөйлеп отырған себебіміз бүгінде бұл сөздің әрі де, нәрі де кетіп, мазмұны сұйылып барды. Мойны министрге жеткен мемлекеттік қызметкерді «қайраткер» атап дабырайтамыз. Оның кейбірі ертеңіне сыбайлас жемқорлықпен ұсталып, сотталып кетіп жатады. Өкінішті!

Оу, сонша ту сыртынан таусыла сөйлерлік Жұмабек Тәшенев кім? Мен оны қаншалықты білемін?

Оның өмірбаянында шаруамыз жоқ. «Биография» — «география» жағымсыз ұғымдары бұл жерде жүрмейді. Сол бір сын сәтте қазақ жері үшін тұрыса алған, ұрысып, тұрысып құрбан болған Жұмабек Тәшенев бағзыдағы Мөде десе болады. Мөде? Мөде тағылымы не айтады?

Мөде — түрік ұлт-ұлыстары бір-бірінен енші алыспаған бағзыда сұмдық ерлік жасаған қағанымыз! Ол не істеген?

Түрік тайпасы бейбіт күн кешіп жатады. Алып көрші сықсып қарап, әуеселесін байқау мақсатында қағанның тақымындағы халықаралық өреде танымал қыл құйрық жүйрігін — Тайбурылды сұрайды. Қаған уәзір, ақылшы, кеңесшілерін жиып ақылдасады. «Не істейміз?». «Бермеу керек. Бұл бізді басынғаны көршілердің.» Уәзір біткен басын қайқайтып алған. Бәрінің сөзі бір жерден шығып тұр. Сонда Мөде айтыпты: Береміз! Қаншама жан тартып сүйер жарым болғанына қарамастан ел мүддесінен артық емес. Бейбіт тыныштық жолына құрбан.

Уәзірлер жағасын ұстапты!

... Сықсыған көршілер түріктің далиған кең-байтақ жеріне сұғын қадапты.

Жер сұрапты. Уәзір біткен тақымындағы атын, қойнындағы қатынын көрші елге беріп жіберген қаған ием — иен жатқан жердің бір пұшпағы үшін бізді несіне бола жинап отыр? — деп күнкілдісіпті өзара. «Берейік! Берейік! Татулық, бейбіт өмір керек, берейік!» — десіпті олар бәрінің көтіндей шулап.

Сол сәт Мөде қаған қатты ашуланыпты. — Бұл не танытқандарың? Тайбурылды берсем, Тайбурыл туған қасиетті түрік биесі тағы да бір жүйрік құлын туар дедім. Қатынды (түрік тілінде «ханым» деген



ұғымды білдіреді) берсем, түріктің алтын құрсақ әйелдері маған қатын болар бір қыз туар дедім. Ал, қай атаңнан көрдің ЖЕР туған қатынды?! ЖЕР — біздің анамыз. Өлеміз, тірлеміз, ұлтарақтай да жер бермейміз түрік жерінен! Жер-Анамыз үшін жанымыз құрбан! Атка қонындар! Халықты көтеріңдер!

Міне, Мөде қаған тағылымы! «Тарих спиральды қайталаналы» деген сөзді жиі айтар еді Бейсекең — Бейсембай Кенжебайұлы! «Үш жүз жыл боданбыз. Енді қанша?» деп анырап отырар еді Бейсекең. Ел — ел болса ер тұғызбай тұрмайды. Тек ердің тұрарын айт. Ердің ел үшін тұрысарын айт деп термелейтін Бейсекең! Сөйтетін де осы жерде Жұмабек Тәшеневпен көрші тұрдық... деп бастап қайран ер туралы әңгімесін сабақтар еді. Сондағы айтары...

...Алматыда үй тапшы. Соғыстан кейінгі жылдар. Етегімізді енді жауып, еңсемізді енді көтеріп жатқан сәтім. Үкімет үй салды. Мына үйді салды (таяғымен алдымыздағы Калинин көшесіндегі көлбей салынған үйді көрсетті). «Кімге беру керек?», «Бірен-саран қазаққа, қалғанын орысқа беру керек. Өйтпесе халықтар достығына нұқсан келеді...» Жоғары жақтың ұйғарымы осындай болыпты. Сонда атана мың да бір рақмет Жұмабек «Қазақ зиялыларынан дүркін-дүркін айырылған халық. Ұлтты ұлт ететін, халықты халық ететін оның зиялы қауымы. Қазақ осы жылдар ішінде зиялыларынан түп-түгел айырылды десе болады. Зиялы бұынды қалыптастырмай қалай ел, жұрт боламыз? Мына жана бітіп жатқан үйді негізінен қазақтың оқыған, танылып келе жатқан зиялыларына берейік. Жана бұын зиялыларға бүгін қамқор бола алмасак, ертең мына қоғамның жағдайын олайтын теугерін танытар зиялы қауым қайдан шығады?» депті. Сөйтті де әдебиет пен өнер, ғылымның таныла бастаған жастарына әлгі үйден пәтер бере бастапты...

Бейсекең үнінен күрсінсіз кетіп, түнеріңкі рені ашыла бастағандай болады.

Тарих терісінен қайталанған.

...1953 жылы КСРО алып империясының қан қасап «күн көсемі» И.Сталин өлді. Атуға жібере ме деген басым, алты ай үй қамағында отырып, Мәскеуге — Орталық Комитеттің Партиялық бақылау бөліміне хат жазып, ақталдым. Түрлі айла-шарғымен арақпаз Н.Хрушев билік басына келді. Келді де Ресей патшасының үш ғасыр жүзеге асыра алмаған, И.Сталиннің ерлерін асып, атып күйреткенімен түпкі көзлеген мақсатына жете алмаған біржолата отарлау саясатына аз уақытта жетуді ойлады. Ол қазақтың жалпақ жатқан жерін алу. Әлсіре-се де әлі өшпеген қазақтың рухын өшіру. Сарыарқаны Тын сылтауымен Ресейге



берсе, мақталы өңір — шаруашылыққа тиімді деп Оңтүстік Қазақстанды (Бостандықты) Өзбек КСР-не берсе...

Хрушев қанды шенгелді салды келіп, салды келіп. КПСС Орталық Комитеті Бюросы атынан сөйлейді, ұқым етеді. Бірақ қағаз жүзінде болса да Ленинді КСРО-ға біріккен елдердің еріктілігі жөнінде декрет бар. Қағаз жүзінде ғана істейтін декретті, Қазақ КСР-і басшыларына қол қойдырып, бармақ бастырып алса жетіп жатыр. Халық тобыр, ел бодан. Одан ығудың, онымен санасудың керегі жоқ. Референдумның да керегі жоқ. Қазақ КСР-нің бірінші хатшысы мен Қазақ КСР Министрлер Советінің төрағасына «қол қой» деп Орталық Комитетте жасалған келісім қағазын ұсынады. Бірінші хатшы қыпылдайды. Осы сәт Қазақ КСР Министрлер Советінің председателі (ол кезде солай) Жұмабек Тәшенев орнынан атып тұрыпты:

— Сіз не айтып тұрсыз, Никита Сергеевич, Жер — халықтыкі. Мен уақытша ғана басшымын. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен көзіңіз қарашындай, анасының арындай адал қорғап келген жеріне басшы екенмін деп билік жүргізе алмаймын. Халықтың жеріне

билік жүргізуге ешкімнің де, ешқайсысымыздың да хакымыз жоқ. Қол қоймаймын. «Қол қой» деп зорласаңыз, халықаралық ұйымдарға шағынамын! — депті атып тұрып!

Өзіміздермен Хрушев саскалақтап қалыпты. Хрушев басқарған БЮРО сөйтіп нәтижесіз аяқталыпты. Қатер бұлтқа айналып, қазақ даласының үстінде тұрып-тұрып сейіліпті...

Анау Сәбиттер Хрушевпен арақ ішкеніне мез болып, «қыз ұзатамыз» деп Өзбекстанға жер беріп жатқанда Жұмабектің мынауы ерлік болды, айналайын! Ей, өзі де қуған көрді ғой... Қызметінен қуылды. Шымкентке жер аударылды...

«Қазақ осындай ұлды көп тусайшы, шіркін!» Бейсекең кеудесін көтеріліп өркештеніп алды.

Әкедей өзіз Бейсекең әңгімесі менің есімнен кетер болмады. Тәшенев маған бейне ауыз әдебиетінің айтулы аңыз батырларындай болып естелді. Шіркінді бір көріп әңгімелесер ме еді деген журналистік ансар биледі мені.

Исмайыл Юсупов есімді кісі болды. Ұлты — ұйғыр. Алматының бір аумағында тұрды. Ол тұрған бір үйді кезінде жазушы Қалтай Мұхамеджанов алғаны бар. Иә, сол Исмайыл аға күнде таңертең «Теренкур» сейіл жолымен өзеннен жағалап «Айна-бұлақ» кафесі орналасқан тау бөктеріне дейін сейілдеп жаяу барып оралатын. Денсаулық сақтау шаралары. Ұзақ өмір сүргісі келеді. Бейсекең үйінде тұрған кезімде мен де «Теренкурмен» сейілдейтінмін. Республика басқарып, дербес зейнеткерлікке шыққан азаматтардың бірсыпырасымен осы «Теренкурмен» сейілдей жүріп араласқаным бар. Исмайыл Юсупов біздің Оңтүстік Қазақстанды басқарған, одан кейін Н.Хрушевтің жебеуімен Қазақ КСР-нің бірінші басшысы болған кісі. Төлебаев көшесінде, Мұхтар Әуезовтің үйінен төменгі буында (Шевченко көшесімен қиылыста) Сәбит Мұқановқа арнап үй салына бастаған.

Үкіметтік жоба болғандықтан бірінші хатшы болып тағайындалған соң И.Юсупов Министрлер Советінің төрағасы Д.Қонаевқа «Сенің жазушыларыңа үй салып беремін бе, республика шаруашылығын көтеремін бе?» деп мәселе қойған. Димекен Сәбене мұн шағып, Халық жазушысы қатты ашуланып, бірінші хатшыны тықсырғаны ел аузында жүреді. (Кейін әлгі үй балабақшаға айналды.) Қысқасы, ерігіп сейілдеп қайтарда жасы құралыптас бозбастар осындай сұраулар береді. Исмайыл ағаға қойылар сауалдың кейбірі Жұмабек Тәшеневке байланысты қойылады. Жүмекеңді ұнатар-ұнатпасын кім білсін, бірақ тұлғаны мойындап: «Ой, ондай ер қазаққа бұрын-соңды болмаған ғой... Жүмекең хас батыр еді ғой... Бағырлығы білімнен. Білімді еді ғой Жүмекең... Жүмекеңнің қадіріне бәріміз де жеткен жоқпыз...» дегені мына құлағыммен естігенім бар.



Расында, Жұмабек Тәшенев империяның отаршылдық саясаты тұмшалаған заманда бұлттан күнге жол ашқан ардағымыз, ұлы Абай айта беретін «единица» ғой. «Өңшең ноль» (Абай) өңкіп аузына су толтырып алып отырғанда «единица» болмаса жағдай қалай болар еді?

түршігеді. Сондай адамды да қадірлей алмадық-ау деп өкінісін.

— Азамат Алашұлы аңамадың, Қымбатты арзан менен таңдамадың. Түтікпен жаманыңды үрпін-үрпін, Жақсыңды жаудай қылып олжаладың, — деген Әбубәкір Кердерінің өлең жолдарының есіме түсіп отырғаны.

Тәшеневке кеше кеңестік кезеңде жағдай жасай алмадық. Отбасы Алматыға қоныс аударып, көшіп кеткені бірсыпыра уақыт. Енді ең болмаса тәуелсіздік алған бүгінгі күні Астана, Алматы, Шымкент қалаларында кісі бойы биік, еңселі ескерткіші қойылса жараспас па еді?! Бұдан 10, тіпті 20 жыл бұрын айтқан ұсынсымыз бүгін тағы бір қайталауға тура келіп тұр... Бұрын радиодан айтып едім, бүгін баспасөзге жазып отырмын! Қазақ жерін басқыншы отаршылардан



Міне, осындай хас батыр дерлік адаммен Сәбит Мұқановтың шаңырағында Мәриям апайдың арқасында жолығып, әңгімелестім.

Мәриям апай менің қызығушылығымды аңғара ма, Сәбен жарықтықтың көзін көрген талай адамды сарсылып іздеп баратынымды, ғайыптан-тайып музейге келе қалса естелігін жаздырып алатынымды

қорғап қалған Жұмабек Тәшенев қазақ халқы аман тұрғанда Жер — АНАНЫҢ да күш-шағында жасауға тиісті ұлы тұлға! Қазақтың қатепті қара нары, жаңа дәуірдің МӨДЕСІ...

Құлбек ЕРҒӨБЕК,
профессор

Тарих – өткеннің өшпейтін ізі. Ал құнды жәдігерлер сол тарихтың үні. Бүгінде есте жоқ ескі заманнан сыр шертен құндылықтарымызды дәріптеп, насихаттау бағытында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Алайда «әттеген-ай» дейтін тұстарымыз да жоқ емес. Соның бірі – Тараз қаласындағы «Төрткүл» керуен-сарайының бүгінгі мүшкіл күйі.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

XI–XIII ғасырларда ғұмыр кешкен «Төрткүл» кешені осыдан 17 жыл бұрын қазда жұмыстары кезінде топырақтан аршылып, 67 миллион теңгеге қайта калпына келтірілген болатын. Алайда еліміздегі жалғыз аспан астындағы мұражай бүгінде 90 пайызға бүлініп отыр. Уақытылы күтім жасалмағандықтан қабырғалары оқырылып, қойылған мүсіндердің сұрқы қашқан. Сондай-ақ темір бұйымдарды тат басып кеткен. Жақын маңда тұратын тұрғындардың айтуынша, соңғы 2–3 жылдың ішінде керуен-сарайға келетіндердің саны күрт азайған. Тіпті, есігіне қара құлып ілініп тұратын кездері көп екен.

– Бұрын тарихи кешенге ағылған оқушылар мен туристердің қарасы қалып болатын. Қазір соның бірі де жоқ. Себебі сарай шатыры тесіліп, жаңбыр жауса, іші суға толып қалады. Электр желілері де үзіліп, QR коды қирап жатыр. Кешен ең алғаш ашылғанда көшеге сән де беріп тұрушы еді. Қазір жарылған қабырғалары үстіне құлап кете ме деп қасына жақындауға да қорқасыз, – дейді қала тұрғыны Бибігүл Үсіпбаева.

Негізі, 2015 жылы тарихи нысан бір рет жаңғыртудан өткен. Ал осыдан екі жыл бұрын кешенде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қазынадан 110 миллион теңге қаралған. Алайда қаржы белгісіз себептермен қайта кері қайтарылып алынған.



ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА ҚҰМ АСТЫНДА ҚАЛМАСЫН

Биыл Тараз қаласы әкімдігі нысанды өз балансына алып, қайта калпына келтіру жұмыстарын жүргізбек. Бірақ жөндеу жұмыстары дер кезінде қолға алынбағандықтан оған енді төрт есе қаржы жұмсалғалы тұр.

– Тарихи нысанның тозығы жеткені рас. Мұнда ағын суды ағызатын су жүйесі дұрыс орнатылмағандықтан жаңбыр жауса, кешен іші суға толып кетеді. Былтыр нысанды әкімдік тендерімен алғанда жай-күйін толықтай зерделеді. Қайта калпына келтіру жұмыстарына 417 миллион теңге қажет екені межеленді. Бұйырса, биыл құрылыс жұмыстары басталып, жыл соңына дейін аяқталады деп күтілуде, – дейді Тараз қаласы әкімінің орынбасары Нұрсұлтан Исабеков.

Әрине, құрылыс жұмыстары жоспарға сай жүргізілсе құба-құп. Өйтпей, екі жыл бұрынғыдай бөлінген қаржы кері қайтып кетіп жүрмесе игі.

Негізі, «Төрткүл» керуен-сарайы қайта үйіндіге айналу алдында тұрған жалғыз кешен емес. Талас ауданы Қаратау қаласындағы Тамды қалашығы да «Төрткүлдің» тағдырын қайталауда. Мұнда да нысанның шатырлары бүлініп, іші тұрмыстық қалдықтарға толып, қаңғыбастар мекеніне айналып кеткен.

Облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы мамандарының есептеуінше, тарихи қалашықты қайта калпына келтіру үшін 40–50 миллион теңге көлемінде қаржы қажет көрінеді. Алайда Талас ауданы әкімдігінің бюджеті мұндай соманы көтере алмайды. Сондықтан «Тамды» қалашығын жаңғырту жұмыстары облыстық қазынаға қарап отыр.

– Негізі тарихи нысандар әрбір бес жыл сайын жаңғыртылып тұруы қажет. Алайда «Төрткүл» кешеніне 2015 жылдан бері ешқандай жөндеу жұмыстары

жүргізілген жоқ. Дәл сондай «Тамды» қалашығы да назардан тыс қалып отыр. Облыс аумағында осындай апатты жағдайдағы оннан астам ескерткіш бар. Олардың жартысы қалашықтар. Тарихи орындарды қайта калпына келтіру үшін қомақты қаражат қажет. Сондай-ақ ауқымды зерттеулер жүргізілгені абзал, – дейді облыстық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының директоры Сауран Қалиев.

Жамбыл облысы бүгінде 3 500-ден астам тарихи-мәдени ескерткіштерімен еліміз бойынша көш бастап тұр. Алайда олардың дені қорғау мен жаңғыртуды қажет етеді. Мәселен, 2018 жылы қазба жұмыстары басталған Жуалы ауданындағы Барқуаб қалашығын зерттеу сол бойы аяқсыз қалды. Құмнан талай құнды дүниелер аршылып алынғанымен, соны қаржы қаралмай, қазір жері

Бұл мәселені «айта-айта, Жамал апам да қартайғаны» қашан.

– «Көне Тараз» қалашығы – бұл республикалық мәндегі нысан. Алайда оның қазба жұмыстары аяқсыз қалды. Биылға бөлінген бір тиын да жоқ. «Көне Тараз» қалашығы аумағындағы мұражайдың да апатты жағдай тұрғаны талай айтылды. Бірақ бұл мәселені қолға алып, мұражайды қалпына келтірейік деп отырған бір адам



жоқ. Министрлік пен облыс әкімдігі тарапынан тек хат алмасу жүрде. Жуалы ауданындағы «Барқуаб» қалашығы да құнды дүниелерімен қызықтарған енді. Алайда ол нысан да бүгінде жетімнің күйін кешіп отыр, – дейді С.Қалиев.

Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Бұл бабадан балаға жеткен өсиет. Сондықтан бізге барымызды бағалап, тарихи орындарымызды жаңғыртқанымыз абзал. Егер бұл құндылықтарымызды бүгін ұлықтай білмесек, ертеңгі ұрпақтың жадында ол мүлде ұмытылары анық.

АРҚАДА АҚИЫҚ АҚЫН АРДАҚТАЛДЫ

Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлының 75 жас мерейтойына орай «Рухтың шалқуы» атты шығармашылық кеші өтті.



А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Серік Ақсұңқарұлы – Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылының тумасы. Алғашқы өлеңдерін мектеп жасында жазған. Қарағанды мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін бірнеше газетте еңбек етті. Қазақстан Жазушылар одағының, Абай халықаралық клубының мүшесі. 15 кітаптың авторы, үш томнан құралған таңдаулы шығармалар жинағы жарық көрген. Серік Ақсұңқарұлы аудармашы ретінде де танымал: қазақтілді оқырмандар үшін ол Александр Пушкин, Анна Ахматова, Марина Цветаева, Евгений Евтушенко, Назым Хикмет және тағы басқа ақындардың өлеңдерін аударған. Өз кезегінде оның өлеңдері орыс, украин, түрік, қырғыз, әзербайжан, моңғол және испан тілдеріне аударылған.

Кеш шымылдығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатымен ашылды. Оны мерейтой иесіне Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев табыстады. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Премьер-Министр Олжас Бектеновтің құттықтау хаттарын Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов жеткізді. Сонымен қатар Парламент Мәжілісінің депутаты

Аманжол Әлтай Мәжіліс Төрағасы Ерлан Кошановтың атынан құттықтап, сый-сияпат жасады.

Сондай-ақ Серік Ақсұңқарұлына Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның, Астана қаласының әкімі Жәніс Қасымбектің құттықтау хаттары табысталды.

Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының игі тілегін жеткізген «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы

Бауыржан Жақып Серік Ақсұңқарұлы «Қазақстанның құрметті жазушысы» атағанын сүйіншіледі.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков оқу ордасының Ғылыми кеңесінің шешімімен Серік ақынды университеттің «Құрметті профессоры» атағымен марапаттады.

– Сіз – көрнекті ақынсыз, құрметті азаматсыз. Дарынығыңмен қазақ әдебиетіне зор үлес қосып келесіз. Сіздің шығармаларыңыз жастайыңыздан жоғары бағаланып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Сіз көп жылдар бойы Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалын басқардыңыз. Сарыарқаның дарынды ақындарын бір арнаға біріктіру жас жазушыларға үлгі болды, – делі Ерманбет Бөлекпаев.

Кеште ақынның өлеңіне жазылған әндерді жұртшылыққа танымал әншілер аскактата орындап, көрермен ықыласына бөленді. Әсіресе, атағы жер жарған Ақтоғай ауданының «Тоқырауын толқындары» ән-би ансамблі орындаған Серік Ақсұңқарұлының өлеңіне жазылған «Шайтанкөл аққулар мекені» әні кештің шырайына шырай қосып, жәми жамағаттың көңіл қосшына айналғаны анық еді. Дүркірете қол соғып, қошемет көрсеткен көрермен өзге де өнерпаздардың әсерлі әндерін ықыласпен қабылдады.



АТЫРАУЛЫҚ ПОШТАШЫНЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ

Атырауда адам сенгісіз оқиға болды. Бірнеше жылдан бері велосипед алуды армандап жүрген атыраулық пошташы небәрі бір күннің ішінде велосипедті болды. Қарапайым пошташы туралы жергілікті сайттардың бірінде жарияланған материал осылайша Жұмажан Бегалиевке бір күннің ішінде танымалдық әкелді.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Жұмажан Бегалиев – ерекше кейіпкер. Қазір зейнет жасында. Құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін ол төтенше жағдайлар департаментінде, полиция саласында қызмет еткен. Соңғы үш жылдан бері пошташы болып қызметке тұрған Жұмажан аға күніне кемінде 10 мың шақырымды жаяу жүріп өтетінін айтады.

Өзінің ерекше жұмысы туралы үлкен махаббатпен айтатын Жұмажан Бегалиевке ол туралы сайтта мақала шыққаннан кейін, жергілікті гүл сататын дүкендер желісінің бірі велосипед сыйға тартты. Келесі күні уялы телефон сататын дүкендер желісі жана телефон сыйлады. «Менің сұхбатыма біреу назар аударды деп ойламаппын. Мен үшін бұл күтпеген жағдай болды. Тіпті, өзімді шексіз бақытты сезініп кеттім. Әлемде осындай қайырымды адамдар көп екенін сезіну – керемет әсер. Хат тасуым енді бұрынғыдан да жеңілдей түсетін болды», – дейді Жұмажан ағаның өзі.

Зейнет жасына шыққаннан кейін үйде отыра алмай, қоғаммен араласып, еңбек етуді жөн саған Жұмажан аға көп ойланбай пошташы болып жұмысқа тұрған. Атырау қаласындағы «Қазпоштань» №9 бөлімшесінде жұмыс істейтін Жұмажан Бегалиевтің жұмыс уақыты күн сайын таңғы 8-де басталады. Және бір ерекшелігі, пошташылар үшін «қолайсыз ауа райы» деген ұғым жоқ.

Ауа райының аптап ыстығына, суығына, жауыны мен қарына қарамастан, пошташылар күн сайын жеткізумен айналысады. Технология төңкерісі, заман дамыды, адам біткеннің бәрі әлеуметтік желіге байланды дегенімізбен, әлі күнге дейін хат жазатындар, сәлемдеме жіберіп, газет-журнал алатын адамдар бар. «Бізді күтетін кісілер өте көп. Сондықтан мейлінше кешікпеуге тырысып, әр аманатты уақытымен жеткізуге ұмтыламыз», – дейді пошташы Жұмажан ағаның өзі.

«Қазпошта» Атырау облыстық филиалының №9 бөлімшесі аумағына қарайтын «Француз қалашығы», «Ақ шағала», «Авангард» территориялары бойынша хат-хабар таситын пошташы Жұмажан Бегалиев бастапқыда мекенжай табудан қиналғанын айтады.



«Сол үшін телефоныма 2GIS картасын жүктеп, үйреніп алдым. Барлық мекенжайды жаяу аралайтынмын. Енді керемет тұлпарым – велосипедім бар. Тұлпарыма мініп алып, мені күтіп отырған тұрғындарға хат жеткізуге асығамын. Маған осы жұмысым өте қатты ұнайды. Жай тасушы, жеткізші ғана емес, көп адаммен сөйлесемін. Әсіресе, зейнет жасында отырған үлкен кісілердің әңгімесін тыңдаған ұнайды. Жасы үлкен әжелердің арасында үй шаруасына көмек сұрайтындары да бар. Қолымнан келсе, құлағым етемін», – дейді Атыраудың жұлдызына айналған пошташы Жұмажан Бегалиев.

Кейіпкеріміздің айтуынша, былайғы күндері хат таситын сөмкесі ауыр бола бермейді. Ал газет шығатын күндері сөмкесінің салмағы кәдімгідей ауырлайды екен. «Көбіне іскерлік бағыттағы хаттарды тасиымын. Бірақ шетелдерден келетін хаттар да көп. Өйткені түрлі себептермен шетелдерде жұмыс істеп жатқан немесе әскер қатарында борышын өтеп жүрген балаларынан ата-аналар кәдімгідей хат күтеді. Осындай алыстан келген сағынышқа толы хаттарды үлкендерге жедел жеткізуге тырысамын. Әр хат-хабардың артында аманат тұрады», – дейді пошташы.

Сырт көзге қарапайым қызмет болып көрінгенімен, шын мәнінде пошташылар – ешлене бермейтін батырлар. Өйткені пошташылар – жай хат-хабар тасушы ғана емес, адами қарым-қатынастарға жылы леп беруші тұлғалар.

ДОДА

10 СӘУІР 2025 | БЕЙСЕНБІ

Еліміздің қысқы спорт түрлеріне бейім екені барлығына мәлім. Солардың ішінде осы маусымда фристайл акробатикадан асығымыз алшысынан түсіп, жақсы нәтижелер тіркелді. Спортшыларымыз халық-аралық жарыстарда мықтылармен иық тірестіріп, өздерін дәлелдеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін шолу жасап көрейік.

ФРИСТАЙЛ ФАВОРИТТЕРІ

Әсет ҚАЛИ

2025 жылдың қаңтарында Алматыда фристайлдан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты өтті. Қазақстан құрамасы сәтті өнер көрсетіп, могол мен шаңғы акробатикасында бірнеше медаль жеңіп алды. Акробатикадан чемпионатта ерекше көзге түсіп, дүйім жұртты бір таңғалдырған Дінмұхамед Райымқұлов болды. Ол осы спорт түрінен жасөспірімдер арасында алтын медаль жеңіп алған тұңғыш қазақстандық атанды.

Осы маусымда көптің аузында жүрген Азия ойындарында да біршама елеулі биіктерді енсердік. Харбиннен бұрын команда «Шым-бұлақ» тау-шаңғы курортында оқу-жаттығу жиындарын өткізген бола-тұғын. Әдетте мұндай жиындар спортшылардың техникалық шеберлігін жетілдіруге және физикалық дайындығын арттыруға бағытталады. Тыңғылықты дайындық өз нәтижесін бергендей болды.



Маусымның ең жарқын оқиғасы ретінде Шерзод Хаширбаев пен Роман Ивановтың жеңісін түртіп өтсек болады. Тарихты қайта жазған екеуі шиеленісті бәсекеде Қытайды артта қалдырып, ерлер арасындағы синхронды

секіруде бірінші орын алды. Олар Қазақстан құрамасының қоржынына фристайл-акробатикадан Азия ойындарындағы алғашқы алтын медальды салып, тарихты жаңартты.

Аяна Жолдас үш мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. Ол жекелей жарыста және Ардана Махановамен бірге синхронды секіруде үшінші, ал командалық есепте күміс жүлдеге ие болды. Соңғы дисциплинада Хаширбаев пен Асан Асылхан да жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Өкінішке қарай, Азия ойындарындағы жетістіктен кейін жеңісті жолды жалғастыруға мүмкіндік болмады. Маусымның қалған халықаралық жарыстарында түрлі себепке байланысты Қазақстан командасы жүлдеге іліге алмады.

Сонымен қатар құрама көшбасшыларының бірі – Жанбота Алдабергенова спорттық мансабын аяқтағанын жариялады. Ол үш Олимпиада ойындарына, сегіз әлем чемпионатына қатысып, әртүрлі жарыста 14 алтын медаль жеңіп алды. Бұл шешім жаракат пен ұзақ оналту кезеңіне байланысты қабылданған. Оның Қазақстандағы фристайлдың дамуына қосқан үлесін асыра бағаласақ артық емес. Енді ол командада жана буынға бағытбағдар беретін тәлімгер ролін атқаруы мүмкін.

– Өкінішке қарай, Олимпиадада медаль иелене алмадым. Демек, бұл менің мандайыма жазылмаған екен. Дегенмен еліміздегі фристайл спорты үшін әлі ешкім қол жеткізбеген нәтижеге жеткеніме қуаныштымын. Бізде болашақта Олимпиада чемпионы болатынына сенемін, – деп пікір білдірді Алдабергенова.

Құрама жас спортшылардың сапалы дайындығын қамтамасыз ету секілді бірқатар қиындыққа тап болып отыр. Дегенмен жастарды дамытуға бағытталған жұмыс өз нәтижесін бере бастады. Жас Асан Асылхан қазірдің өзінде негізгі құрамда өнер көрсетуде. Ол Азия ойындарындағы жетістікке өз үлесін қосты және халықаралық аренада да жақсы нәтижелер көрсетіп жүр.

Акробаттар маусымды жағымды нәтижемен аяқтады. Дінмұхамед Райымқұлов



Команда Қытайға фаворит ретінде барған жоқ. Себебі фристайлдан әлемдік көшбасшылар – қытайлықтар, сол себепті сарапшылар жүлделердің басым бөлігін осы елдің спортшылары алады деп болжаған еді. Алайда нәтижесінде қазақстандық атлеттер нағыз ерлік жасай білді.

Харбинде көптеген көшбасшы ауыр жарақаттардан кейін өнер көрсетті. Тіпті, Ардана Маханова Ябули баурайында сынған қолымен жарысқа шықты. Жанкештілігінің арқасында қоржынымыз медальға толды. Жалпы құрама төрт жүлде жеңіп алған болатын. Олар ерлер мен әйелдер арасындағы синхронды секірулерде, әйелдер арасындағы жекелей сын және аралас командалық жарыста жүлдеге иікті.

«Мен жаракатпен шықтым, бірақ бұл туралы тек менің командам білді. Командаластарым мен бапкерлерім қолдау көрсетті, сол үшін оларға алғысым шексіз. Қолым үшін қатты уайымдадым, бірақ жарысқа шығар алдында бар ойымды жақсы нәтижеге бағыттауға тырыстым.

Бұл мен үшін ерлік емес, керісінше, өзімді сынау еді. Қиын болатынын білдім, бірақ команданың және бапкерлердің қолдауының арқасында бар назарымды жарысқа бұра алдық», – деді спортшы қыз жарыстан кейін.

Маусымның ең жарқын оқиғасы ретінде Шерзод Хаширбаев пен Роман Ивановтың жеңісін түртіп өтсек болады. Тарихты қайта жазған екеуі шиеленісті бәсекеде Қытайды артта қалдырып, ерлер арасындағы синхронды секіруде бірінші орын алды.



Швейцарияда өткен Еуропа кубогында алтын және күміс медаль жеңіп алып, қанжығасын майлады.

Жалпы, құраманың жақын арада жарқ ете қалатындай әлеуеті зор. Қиын элементтерді меңгеріп жатыр. Сонымен қатар жеңіске деген жігер бар, әр спортшы медаль алуға ұмтылуда, ал бапкерлер құрамы жаттығу барысын сауатты түрде ұйымдастырып отыр.

Өткен маусым жануар мен өсу кезеңі болды деуге негіз бар. Қазақстан құрамасы Азиядағы үздік командалардың қатарында қалумен ғана шектелмей, өз дамуында жана кезеңге аяқ басуда. Келесі қадам маңызды болмақ. Себебі алда 2026 жылғы Олимпиада бар. Әуеде қалықтаған спортшыларымыз үшін ендігі кезек жолдамаларды сарапқа салып, өздерін жана қырынан көрсету қалды.

ЛОЛА ӘДІЛБЕКОВА – БАС БАПКЕР

Көркем гимнастикадан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері қызметіне Лола Әділбекова тағайындалды.



Лола Әділбекова – халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем чемпионаттарының қатысушысы және 2002 жылғы Азия ойындарының командалық есебінде күміс жүлдегері.

Әділбекова бапкерлік қызметін 2010 жылы Шымкент қаласында бастаған. Соңғы жылдары ол Шымкент қаласының аға жаттықтырушысы қызметін атқарды. 2018 жылы оған «Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді.

Қызмет ету жолында Лола Әділбекова халықаралық аренада Қазақстан атынан өнер көрсеткен бірқатар талантты спортшыны дайындады. Олардың қатарында: Азия чемпионы және Азия ойындарының командалық жарыстарының жеңімпазы Даяна Әбдірбекова, жасөспірімдер арасындағы Олимпиаданың қатысушысы Роза Әбитова, жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының финалисі Эльжана Таниева, 2023 жылғы Азия ойындарының командалық жарысында күміс жүлдегер атанған және жекелей көпсайыста қола медаль иеленген Милана Парфилова бар.

Айта кетейік, Лола Әділбекова бұл қызметке гимнастика федерациясының президенті ретінде жұмысын жалғастыруды жөн көріп, бас бапкер лауазымынан кеткен Әлия Юсупованың орнына келді.

ҰОК БАСШЫСЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Астанада Қазақстан Ұлттық олимпиадалық комитетінің президенті Геннадий Головкин Қатар ҰОК басшысы, Ұлттық олимпиадалық комитеттер қауымдастығының вице-президенті шейх Джоан бин Хамад бин Халифа Әл-Танимен ресми кездесу өткізді.



Сондай-ақ ресми іс-шараға Азия Олимпиадалық кеңесінің бас директоры және World Aquatics ұйымының президенті Хусейн әл-Мусаллам, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзобосынов, Қазақстан ҰОК бас хатшысы Әлімжан Ақаев және Қазақстан су спорты түрлері федерациясының президенті Нұрлан Жакыпов қатысты.

Кездесу барысында Азия Олимпиадалық кеңесі мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық, олимпиадалық қозғалысты дамыту және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері, оның ішінде биыл Астанада өтетін Құрлықтық спортшылар форумын ұйымдастыру жайы талқыланды. Аталмыш форумға Азияның 45 елінен спорттық комиссиялардың өкілдері, сондай-ақ Халықаралық олимпиада комитеті (ХОК) мен Азия Олимпиадалық кеңесінің жетекшілері қатысады деп жоспарланып отыр.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар халықаралық спорттық ынтымақтастықты дамытуға қызығушылығын білдіріп, жоспарланған бастамаларды жүзеге асыру бойынша алдағы нақты қадамдарды келісіп алды.

«Айкын-Литер» ЖШС ұжымы қазақстандық журналист, қоғам қайраткері, «Время» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы

Лев Юрьевич ТАРАКОВТЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

«Айкын-Литер» ЖШС ұжымы әріптесіміз, АІОУН газетінің корректоры Алмағұл Бердімұратқызына **әкесі БЕРДІМҰРАТТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айкын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОМИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙКЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айкынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4578
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,